

"Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 76/07 "Қарағанды облысының облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 27/07 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 76/07 "Қарағанды облысының облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2533 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 17 ақпанында, "Индустриальная Караганда" 2014 жылғы 13 ақпандағы № 26-27 (21547-21548), "Орталық Қазақстан" 2014 жылғы 13 ақпандағы № 29-30 (21664) газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Әбдібеков